

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қорғаныс
өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 30 сәуір
N 605. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.29. N 942
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қорғаныс
өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер - министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 30 сәуірдегі
N 605 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің
жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі
комитет туралы

Е р е ж е

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1879
Жарлығымен құрылған Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (бұдан былай - Комитет)
мемлекеттік атқарушы өкіметтің орталық органы болып табылады және
қорғаныстық, әрі екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау мен өндіру
саласында мемлекеттік реттеуді және өз қаралымындағы мәселелер бойынша
салааралық үйлестіруді жүзеге асырады. Комитеттің өз құзыры шегіндегі
шешімдері республиканың мемлекеттік басқару органдары үшін міндетті болып
табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,
Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті
мен Министрлер Кабинетінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа
алады.

3. Комитет мүдделі министрліктермен және ведомстволармен, жергілікті

атқарушы өкіметтің органдарымен бірлесе отырып, қорғаныс-өнеркәсіп кешені саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді.

4. Комитеттің орталық аппаратын ұстау республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары үшін көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның қолданылып жүрген заңдарға сәйкес банк мекемелерінде бюджеттік және басқа шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі, сондай-ақ тиісті мөрлері, мөртаңбалары мен бланкілері болады.

II. Комитеттің міндеті

6. Комитеттің негізгі міндеті:

қару-жарақ пен әскери техниканы, екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау мен өндіру, қорғаныс-өнеркәсіп кешенін құрылымдық қайта бағдарлау саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру ісін жүзеге асырып, оған қатысу;

қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау саласында мемлекеттік саясатты белгілеу;

қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы материалдарды, заттай мүлікті және жабдықтарды, қорғаныс пен қауіпсіздік қажетіне арналған басқа да материалдық ресурстарды экспортқа-импортқа беріп тұру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

республика қорғанысы мен қауіпсіздігінің қажеті үшін қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің өнімдерін сатып алу мен беріп тұруға тапсырыстарды белгілеуге қатысу;

қару-жарақ, әскери техника және оқ-дәрі, екі рет қолданылатын өнімдерін дайындау мен өндіру саласында кез келген меншік нысанындағы кәсіпорындардың қызметін лицензиялау;

қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен ұйымдарының ерекше кезеңде тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жұмылдырушылық куаттарды жасау мен сақтау, қажетті жұмылдырушылық резервтерді молықтыру жөніндегі жоспарлар мен тапсырмалардың, сондай-ақ азаматтық қорғаныс пен жұмылдырушылық даярлық жөніндегі басқа да шаралардың орындалуын ұйымдастыру;

шетелдік ведомстволармен, компаниялармен, ұйымдармен әскери-техникалық ынтымақтастық жөнінде ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық байланыстар орнату;

жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау, сондай-ақ қару-жарақты шектеу, қысқарту және жою жөніндегі халықаралық шарттарды, келісімдер мен

міндеттемелерді жүзеге асыруға қатысу;

қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындар мен ұйымдарының ғылыми-техникалық, өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануды, еңбек бөлінісін ұтымды жүргізуді, ғылыми қамтымды қорғаныс және азаматтық өнімдерді дайындау мен өндіруге арналған кооперацияны дамытуды ұйымдастыру болып табылады.

III. Комитеттің функциялары

7. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды атқарады:

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп мемлекеттік қауіпсіздік пен қорғаныс-өнеркәсіп әлеуетін дамыту жөніндегі шараларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларының жобаларын әзірлейді;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің құрамына кіретін кез келген меншік нысанындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға, қорғаныс өнеркәсібін дамытуға және конверсиялау бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысты, сондай-ақ қару-жарақ пен техниканы зерттеу, әзірлеу мен шығару жөніндегі қызметін үйлестіреді;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде ғылым мен технологияларды дамыту бағдарламаларын жасайды, өзінің құзыры шегінде кәсіпорындар мен ұйымдар құрылысының, оларды кеңейтудің, қайта жанарту мен техникалық жағынан қайта жарактандырудың жобаларына тұжырымдамалар береді;

қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы материалдарды, заттай мүлік пен жабдықтарды, экспортқа-импортқа беріп тұру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жұмысын ұйымдастырады;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп қорғаныс-өнеркәсіп кешенін құрылымдық жағынан қайта құру бағдарламаларын әзірлейді, қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің объектілерін құру, қайта ұйымдастыру, қайтадан бейімдеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- қорғаныс өнеркәсіп кешенінде жасалатын өнімдердің (оның ішінде мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша жасалатын өнімдерді қабылдау және олардың сақталуын бақылау жөніндегі нормативтер мен техникалық талаптарды әзірлеу арқылы) бәсекеге төтеп беруі мен сапасын қамтамасыз етуге;

- қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануға бағытталған бірыңғай техникалық саясатты жүргізеді;

жаңа технологиялар әзірлеп, енгізу ісіне, қару-жарақ пен әскери техниканы өнеркәсіптік кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар жүргізуге басшылық етеді;

қару-жарақ, әскери техника мен оқ-дәрі, сондай-ақ екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау мен өндіру саласындағы кез келген нысандағы

кәсіпорындардың қызметін лицензиялайды, аталған қызметке рұқсат берілген кәсіпорындардың тізілімін жүргізеді, қызмет бабындағы, азаматтық қару мен оған керекті оқ-дәрі өндіруге белгіленген тәртіппен лицензиялар береді;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмылдырушылық даярлығы жөніндегі шараларды орындауын ұйымдастырады ;

өнімдер жасау, қару-жарақ пен әскери техниканы өнеркәсіптік кәдеге жарату кезінде өндірістік және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын қолданады, белгіленген тәртіппен тиісті нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлейді ;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарына шетелдік ұйымдармен және фирмалармен тікелей өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстар орнатуға жәрдемдеседі, олардың сыртқы экономикалық қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

өз құзыры шегінде жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау, сондай-ақ қару-жарақты шектеу, жою және қысқарту жөнінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, келісімдері мен міндеттемелерін жүзеге асыруға байланысты жұмыстарды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша ғылым , техника және технологиялар саласындағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерді әзірлеуге қатысады, қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеу мен шығару жөнінде кооперациялық байланыстар туралы келісімдер жасасады, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

өз құзыры шегінде конверсиялау және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға нысаналы, инвестициялық кредиттер мен басқа да қаржы қаражатын беруге байланысты мәселелерді шешеді;

объектілердің нысаналы пайдаланылуын және қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде мемлекеттік құпиялардың сақталуын қамтамасыз етуді бақылайды;

қорғаныс-өнеркәсіп кешені құрамына кіретін әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардағы кеңестер жұмысы мен жиналыстарына, кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру немесе олардың қызметін экономикалық жағынан реттеудің басқа да әдістерін пайдалану туралы шешімдер қабылдауға қатысады ;

өз құзырына жататын мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, ұсыныстар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда көзделген өзге де функцияларды атқарады .

IV. Комитеттің құқықтары

8. Алға қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларға сәйкес Комитеттің: өз құзырындағы мәселелер бойынша мемлекеттік реттеу мен салааралық үйлестіруді қамтамасыз ететін ақпараттық және нормативтік материалдарды, шешімдерді басып шығаруға; мемлекеттік және өзге де органдардан өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

республиканың қорғаныс және қауіпсіздік қажетін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде әр түрлі меншік нысанындағы компаниялары, кәсіпорындары мен ұйымдары басшыларының есебін тыңдауға, өз құзыры шегінде тиісті ұйымдық шараларды қолдануға;

қабылданған шешімдердің орындалуына белгіленген құзыры шегінде тексеру жүргізуге, осы мақсат үшін келісу бойынша республиканың мемлекеттік органдарының мамандары мен қызметкерлерін тартуға;

өз құзырына кіретін мәселелерді талқылау кезінде атқарушы өкімет органдарын тартуға;

өз құзырына жататын мәселелер бойынша әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл туралы шарттар мен келісімдер жасасуға;

мемлекет қажетін қару-жарақпен, әскери техникамен, әскери мүлікпен және қызмет көрсетумен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңдарының Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкімет актілерінің жобаларын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізуге;

кабинет жанынан ғылыми-техникалық кеңес құруға құқығы бар. Кеңестің жеке құрамы мен ол туралы ережені Комитет Төрағасы бекітеді.

V. Комитеттің басқару органдары

9. Комитетті Төраға басқарады, оны Қазақстан Республикасының президенті қызметке тағайындайды және одан босатады.

Комитет Төрағасының үш орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасары болады, оларды Комитет Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті лауазымға тағайындайды.

Комитет Төрағасы:

Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін дербес жауап береді, өз орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі;

Комитет жұмысының жоспарларын бекітеді; бұйрықтар мен өкімдер шығарады, өз құзырына кіретін мәселелер бойынша

Комитет қызметкерлері мен республикадағы тиісті мемлекеттік басқару органдарының орындауы үшін міндетті болып табылатын нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының басшыларын көтермелеу немесе оларға тәртіптік шаралар қолдану туралы тиісті министрліктер мен ведомстволарға ұсыныстар енгізеді.

10. Комитетте 9 адамнан алқа құрылады, оның құрамына Комитет Төрағасы, лауазымдары бойынша оның орынбасарлары, сондай-ақ Комитеттің басшы қызметкерлері, қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары мен ұйымдарының кейбір басшылары кіреді.

Комитет алқасының мүшелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.